

Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін жаңғырту жөніндегі шаралар туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 13 қаңтардағы N 273 Жарлығы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2024 жылғы 3 қаңтардағы № 429 Жарлығымен

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Президентінің 03.01.2024 № 429 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) Жарлығымен.

Қазақстан Республикасы Президенті
мен Үкіметі актілерінің жинағында
және республикалық баспасөзде
жариялануға тиіс

Мемлекеттік басқару жүйесін жаңғыртуға бағытталған әкімшілік реформаны тереңдету мақсатында **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Мемлекеттік басқару жүйесін реформалаудың мынадай негізгі қағидаттары белгіленсін:

- 1) кезеңдердің біртіндеушілігі мен дәйектілігі;
- 2) реформалаудың алға қойылған міндеттерінің кешенділігі және ұсынылып отырған шешімдердің жүйелілігі;
- 3) транспаренттілік;
- 4) қабылданған шешімдерді іске асырудың тұрақты мониторингі;
- 5) жұмылдырылған барлық мемлекеттік органдардың өзара іс-қимылының тиімділігі.

2. Мемлекеттік басқарудың тиімді жүйесі мыналарға негізделсін:

- 1) өңірлердің дербестігін сақтау барысында орталық мемлекеттік органдардың бақылау және қадағалау функцияларының тиімділігін арттыру;
- 2) атқарушы биліктің әртүрлі деңгейлері арасындағы өзара қарым-қатынастарда икемділікті арттыру;
- 3) мемлекеттік басқару органдары қызметінің тиімділігін кешенді бағалау;
- 4) мемлекеттік қызметке неғұрлым дарынды кадрларды тарту үшін жағдай жасау;
- 5) мемлекеттік қызметтің оң имиджін қалыптастыру;
- 6) бюджет процесіне жаңа тәсілдер енгізу;

7) мемлекеттік менеджменттің соңғы нәтижеге бағдарланған оңтайлы әдістерін енгізу;

8) сыбайлас жемқорлықты азайту.

Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Президентінің 19.03.2010 № 954 Жарлығымен.

3. Осы кезеңде реформалаудың басымдықтары мыналар болуға тиіс деп белгіленсін:

1) мемлекеттік басқарудың процестері мен рәсімдерін, сондай-ақ мемлекеттік қызметтер көрсетуді сапалы жетілдіру;

2) мемлекеттік аппарат қызметінің кәсібилігін, тиімділігін және оның үйлесімділігін арттыру.

4. Қоса беріліп отырған мемлекеттік басқару жүйесін жаңғырту жөніндегі бірінші кезектегі іс-шаралар жоспары бекітілсін.

5. Мемлекеттік органдардың қызметін үйлестіру үшін Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің басшылығымен осы Жарлыққа қосымшаға сәйкес құрамда әкімшілік реформа жүргізу жөніндегі ведомствоаралық комиссия құрылсын.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Президентінің 16.04.2014 № 799 Жарлығымен.

6. Қазақстан Республикасының Үкіметі:

1) Мемлекеттік басқарудың өзекті мәселелерін зерделеу жөніндегі орталық құру жөнінде ұсыныстар енгізсін;

2) осы Жарлықтың ережелерінен туындайтын заң жобаларын әзірлеп, Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізсін;

3) осы Жарлықтан туындайтын өзге де қажетті шараларды қабылдасын.

7. Мыналардың күші жойылды деп танылсын:

1) "Әкімшілік реформа жөніндегі жұмыс тобын құру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 18 сәуірдегі N 46а өкімі;

2) "Мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіруге бағытталған шараларды іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 11 қыркүйектегі N 66 өкімі;

3) "Әлеуметтік саланы және құқық қорғау жүйесін одан әрі жаңғырту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 10 қазандағы N 72 өкімі.

8. Осы Жарлықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне жүктелсін.

9. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Президенті*

Қазақстан Республикасы
Президентінің

**Мемлекеттік басқару жүйесін жаңғырту жөніндегі бірінші
кезектегі іс-шаралар
ЖОСПАРЫ**

1. Мемлекеттік органдар мен ұйымдардың әкімшілік регламенттерін әзірлей отырып:

1) мемлекеттік органдар мен қызметшілердің функционалдық міндеттерімен өкілеттіктерін қалыптау және аражігін ажырату;

2) мемлекеттік органдарды үйлестіру және олардың арасындағы өзара іс-қимыл тетігін айқындау;

3) қоғамға, халыққа және бизнеске мемлекеттік қызмет көрсетулер стандарттарын әзірлеу мақсатында әкімшілік рәсімдер жөніндегі заңнаманы жетілдіру

іске асыру мерзімі - 2007 жылғы бірінші жартыжылдық,
жауапты орындаушылар - Қазақстан Республикасының Үкіметі, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі.

2. Тікелей халыққа қызмет көрсетулер ұсынатын мемлекеттік органдар мен ұйымдарда мемлекеттік қызмет көрсетулер ұсыну стандарттарын әзірлеу және енгізу

іске асыру мерзімі - 2007-2008 жылдар,
жауапты орындаушылар - Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі, Қазақстан Республикасының Үкіметі.

3. Мемлекеттік органдар мен ұйымдардың қызметіне кезең-кезеңімен функционалдық талдау жүргізу

іске асыру мерзімі - 2007 жылғы бірінші жартыжылдық,
жауапты орындаушылар - Қазақстан Республикасының Үкіметі, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі.

4. Функционалдық талдау нәтижелері негізінде мемлекеттік басқару құрылымын жетілдіру

іске асыру мерзімі - 2007 жылғы төртінші тоқсан,
жауапты орындаушылар - Қазақстан Республикасының Үкіметі, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі.

5. Мемлекеттік органдар мен ұйымдар қызметкерлерінің функционалдық талдау нәтижелеріне негізделген оңтайлы санын қамтамасыз ету

іске асыру мерзімі - 2007 жылғы төртінші тоқсан,

жауапты орындаушы - Қазақстан Республикасының Үкіметі.

6. Мемлекеттік басқарудың өзекті мәселелерін зерделеу жөніндегі орталық құру туралы ұсыныстар енгізу

іске асыру мерзімі - 2007 жылғы бірінші жартыжылдық,

жауапты орындаушы - Қазақстан Республикасының Үкіметі.

7. Орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдар қызметінің тиімділігін жыл сайынғы бағалау жүйесін әзірлеу

іске асыру мерзімі - 2007 жыл,

жауапты орындаушы - Қазақстан Республикасының Үкіметі.

Ескерту. 7-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Президентінің 19.03.2010 № 954 Жарлығымен.

8. Стратегиялық мақсаттардың қол жеткізілу деңгейін, мемлекеттік қызмет көрсетулердің ұсынылу сапасын, бағдарламалық құжаттардың іске асырылу тиімділігі мен басқа да көрсеткіштерді есепке алатын мемлекеттік органдар қызметінің рейтингтік бағалау жүйесін әзірлеу мен енгізу

іске асыру мерзімі - 2007 жылғы бірінші жартыжылдық,

жауапты орындаушы - Қазақстан Республикасының Үкіметі.

9. Мемлекеттік қызмет көрсетулердің сапасын бағалау жөнінде халыққа әлеуметтанушылық сауал қоюларды тұрақты түрде өткізіп тұру

іске асыру мерзімі - 2008 жылдан бастап,

жауапты орындаушы - Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі.

10. "Электрондық үкіметті" кезең-кезеңімен енгізу

іске асыру мерзімі - 2007-2008 жылдар,

жауапты орындаушы - Қазақстан Республикасының Үкіметі.

11. Мемлекеттік қызметшілерді басқарудың және олардың біліктілігін арттырудың стратегиялық жоспарын әзірлеу

іске асыру мерзімі - 2007 жыл,

жауапты орындаушылар - Қазақстан Республикасының Үкіметі, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі.

12. Мемлекеттік органдар мен ұйымдардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесін жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлеу

іске асыру мерзімі - 2007 жылдың бірінші тоқсаны,

жауапты орындаушы - Қазақстан Республикасының Үкіметі.

13. Мемлекеттік қызметшілердің жұмыс сапасын бағалау жүйесін жасау

іске асыру мерзімі - 2007 жылдың төртінші тоқсаны;

жауапты орындаушы - Қазақстан Республикасының Үкіметі.

14. Бюджеттік бағдарламалардың әкімшілеріне көбірек дербестік беру және түпкі нәтижелерге қол жеткізу үшін олардың жауапкершілігін күшейту мақсатында бюджеттік жоспарлауды жетілдіру

іске асыру мерзімі - 2007-2008 жылдар,

жауапты орындаушы - Қазақстан Республикасының Үкіметі.

15. Орталық мемлекеттік органдарда бас директор жоғары әкімшілік лауазымын енгізу туралы заң жобасын әзірлеу және оны енгізу

іске асыру мерзімі - 2007 жылдың бірінші тоқсаны,

жауапты орындаушылар - Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі, Қазақстан Республикасының Үкіметі.

16. Құқық қорғау жүйесі мен бюджет саласын (білім беру және денсаулық сақтау) жаңғырту жөнінде ұсыныстар әзірлеу

іске асыру мерзімі - 2007 жыл,

жауапты орындаушы - Қазақстан Республикасының Үкіметі.

Қазақстан Республикасы
Президентінің
2007 жылғы 13 қаңтардағы
N 273 Жарлығымен
БЕКІТІЛГЕН

Әкімшілік реформа жүргізу жөніндегі ведомствоаралық комиссияның ҚҰРАМЫ

Ескерту. Құрам жаңа редакцияда - ҚР Президентінің 21.02.2018 № 642 Жарлығымен; өзгерістер енгізілді - ҚР Президентінің 22.07.2019 № 74; 28.10.2019 № 195; 05.10.2020 № 427 Жарлықтарымен.

Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі, төраға

Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігі Басшысының өңірлік саясат саласындағы жұмысты үйлестіруші орынбасары, төрағаның орынбасары

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика вице-министрі, хатшы

Комиссия мүшелері:

Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігі Басшысының құқықтық саясат және әлеуметтік-экономикалық мәселелерге жетекшілік ететін орынбасарлары

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің төрағасы

Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің төрағасы

Қазақстан Республикасының Әділет министрі

Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрі

Қазақстан Республикасының Қаржы министрі